

ЖАҢАЛЫҚТАР

Қырғыз соты ұлтаралық араздық қоздыру айыбы тағылған блогер Айтiлек Орозбековтi ақтады

22 қыркүйек 2026 жыл, 14:05



Айтiлек Орозбеков

Бiшкектiң Свердлов аудандық соты ұлтаралық араздық қоздырған деген айып тағылған блогер Айтiлек Орозбековтiң қылмыстық iсiн қарап, оны бес айыптау эпизодының барлығы бойынша ақтады. Мұны 22 қыркүйекте Орозбеков пен оның адвокаты Жаныш Бараков хабарлады.

"Бүгiн менi толық ақтады. Бiзде әдiл және бейтарап судьялар бар екен", – деп мәлiмдедi Орозбеков.

Адвокаттың айтуынша, қайтадан өткізілген лингвистикалық комиссия сараптамасы блогердің жазбаларында заңсыз әрекеттерге шақыру мен ұлтаралық араздық қоздырудың ешқандай белгісін таппаған. Сот сәуір айында алдыңғы лингвистердің қорытындылары бір-біріне қайшы келеді деп тауып, қайта сараптама тағайындаған еді.

Қылмыстық істегі негізгі эпизодтардың бірі "Куликовский" кондитерлік дүкендер желісіне байланысты болды. 2025 жылы Орозбеков жариялаған бейнежазбада мекемелердің бірінде тұтынушыға қырғыз тілінде қызмет көрсетуден бас тартқанын айтқан. Кейінірек блогер компания операторынан өзімен қырғыз тілінде сөйлесуді талап еткен және өзінің әлеуметтік желідегі парағына жазылған жұртты мемлекеттік тілге құрмет танытпағаны үшін сауда желісі мекемелеріне бармауға үндеген.

Бейнежазбалар жарияланғаннан кейін құқық қорғау органдары Орозбековтің үстінен Қылмыстық кодекстің нәсілдік, этностық, ұлттық, діни немесе аймақаралық араздық қоздыру бабы бойынша іс қозғады. Ішкі істер органы блогер елуден астам мекемені тексерген және сараптамалар оның бейнежазбаларында ұлтаралық араздық қоздыру белгілері барын анықтады деп мәлімдеген еді. 2025 жылдың мамыр айында Орозбеков ұсталды, ал кейінірек сот оны ұйқамаққа алды.

2026 жылдың қаңтар айында Айтілек Орозбеков пен "Куликовский" татуласқанын **хабарлады**: компания блогердің үстінен берген шағымын қайтарып алып, оған қарсы ешқандай талабын жоғын айтты. Бірақ қылмыстық істі қарау жалғасты, өйткені оны тоқтату туралы шешімді сот қана қабылдай алады.

Наурыз айында прокуратура соттан Айтілек Орозбековті кінәлі деп танып, оған 200 мың сом (шамамен 2300 доллар) айыппұл салуды сұраған. Ол жолы сот үкім шығармай, блогердің жазғандарын комиссия сараптамасына қайта жіберген еді.

ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ

- Қырғыз парламенті тіл туралы заңға өзгерістер енгізуді мақұлдады
- Санадағы бұлқыныс: Орталық Азияда Ресейдің отарлық мұрасынан арылу қалай жүріп жатыр?
- Қырғызстан мемлекеттік тілде сөйлемейтін шенеуніктерді қызметінен босатады. Ресей жаңа заңды сынады
- Қырғызстанның мемлекеттік тіл туралы заңын Ресей СІМ Сергей Лавров "демократияға сай емес" деп санайды
- "Біз Киргизия емеспіз". Ресей Қырғызстанның ресми атауын неге мойындамайды?

Айдар

ЖАҢАЛЫҚТАР

ЖАЛПЫ АРХИВ